

Жұлдыз

Нұрлан Оразалин
«БҰЛ ӨМІРДЕ – БӘРІ АҚИҚАТ,
БӘРІ АҢЫЗ...»

Мамадияр Жақып
МӘҢГІЛІК САҒЫНЫШ

Жанат Елшібек
ТҮСІМДЕ КӨРГЕН КІТАП немесе
ТҰҒЫР ТУЫНДЫ

10
—
2015

ЖАҢҒАҚТЫ ЖЫР



2012 жылдың 30 тамызында Өскеменде дәстүрлі «Шығыс шынары» поэзия фестивалі өтті. Шығыс Қазақстан облысы әкімі Бердібек Сапарбаев болған мезгілде әдебиетке айқара жол ашты. Шығармашылық иелерінің ризашылығына кенелді. Жүлде алған Бауыржан Қарабеков мейрамханада дастархан басында өлең оқыды. Атауы – «Жаңғақ сатқан келіншек».

Бір жүйе уақыттан жеңіліп, қоғам өзгеріп, басқа жүйе басталарда өлара кезеңнен өту басқа салғанға көнумен тең. Өлең – ширек ғасыр бұрынғы дәуірдің тасқа басқандай таңбасы. Бір келіншектің басына түскен тағдыр мыңдаған қазақ әйелдерінің жазмышында қайталанды.

*Қыз күнінен білетін бір келіншек,
Он сегіз жыл базарда тұр келіншек.
Тағдыр дейді тұрмысты тайғағы көп
Жарар еді тірлікте бірге жүрсек.*

Ер көңілі жасып, әйелі алақапшық арқалап, отбасын жабайы саудамен асыраған талма кезең хроникасын ақын жүрегімен толғайды. Сұлулық пәс тартты, тұрмыс тезіне түсті. Дегенмен өмір сүру әсте үкімге кесілу емес шығар. Сондықтан жаңғақ ұғымы ақын үшін тіршіліктің мәні мен тылсымын тану нысанына айналды. Жаңғақ шіркін домаланған басқа, бұйра дәні бастың ішіндегі миға ұқсайтыны неліктен?!

*Өмір мынау талайды қан қақсатқан,
Барды аңсатқан, базар бұл арды аңсатқан.
Келіншек тұр кешегі кербез сұлу
Бұрышында сөренің жаңғақ сатқан.*

Базарда жаңғақ сатқан келіншек бейнесі Бауыржан Қарабеков үшін философиялық ой қорыту кені сияқты. Ақынның жаны ашиды, көңілі алаң, сананы тұрмыс билегеніне наразы. Әр шумақтан жаңа идея, жанды көзқарас, парасат безбеніне тартылар ой ұшқындайды. Адамзат санасында бұл жеміс құбылып, тосын образдар арқылы түпсіз иіріміне тартады.

*Сағым күнді білмеймін сағына ма,
Құлағында көмескі әні ғана.
Тіршіліктің сан тарап жолдарында
Жаңғақ сынды ғұмыры шағыла ма?..*

Жаңғақ туралы дана тәмсіл Ақсақ Темір туралы сопылық әпсанада қаһарлы хан мен қаусаған шалдың әңгімесі арқылы айтылады. Әмірші бір еңкейген кәрі шал жаңғақ ағашын отырғызып жатқанын көреді. Ақсақ Темір астындағы атын тоқтатып, «Қария! Мәңгі жасайсың ба? Бұл ағаштың жемісін жеуден шын дәмелісің бе?», – деп күледі. Шал данышпан сөз айтты: «Олар ағаш екті, мен жемісін жедім, мен ағаш егемін, жемісін тату оларға бұйырады». Дүние кезек, ұрпақ мирасқорлығы ақталады.

Халық ақыны Қазанғап Байболұлы «Еңсегей бойлы Ер Есім» атты дастанында Есім ханның су тұлпарының шабысын суреттеуі:

Қара тасқа кезіксе,
Жаңғақтай қылып шағады...

Бұл эпостық гиперболалық суреттеу. Темірхан Медетбек ғаламдану үрдісіне көңгісі жоқ торығуын, наразылығын теңеумен білдірген:

Біреулер

«Болашағымыз нұрлы» деп

Лағып кетеді.

Сол сөздерімен

Жүрегіңді тілшелеп,

Миыңды жаңғақтай

Шағып кетеді.

Есенғали Раушановтың «Жаңғақ ағаштары» атты өлеңінде жаңғақ өскен сай мақта егуден азып, экологиялық апатқа ұшырағанын жырлауы көкейтесті үрей. Құдай берген құт-несібені есерлікпен құрту барып тұрған кесапат.

Алуан гүлге тұнатын

Бозсудың жыныс жағасы.

Сайлардан өріп шығатын

Самсаған жаңғақ ағашы.

Сап құрып жатқан айнала

Сарбаздар еді беренді.

Қимылдап қалса жай ғана,

Қыруар жеміс төгер-ді.

Поселке салдық бір күн кеп,

Мақта ектік (оны құт дедік).

Жаңғақтар біздің біртіндеп

Етектен шықты тауға өріп.

Қашты олар сапы бұзылып,

Орнында томар тұқыл қап.

Омыртқаға ұқсап үзіліп,

Сүйек боп сынды бытырлап.

Ақын жаратылысты «мақтамен бауыздау» осы ма деп құсалаанады: «..Құлайды тырстырс жаңғақтар, Көз жасына ұқсап... КІМДЕРДІҢ?». Қанағат жоқ жерде жаратылыс зиянға ұшырап, рух тұншығады.

Ұлықбек Есдәулеттің «Балқарағай туралы баллада» атты өлеңі Алтайда өсетін балқарағай жаңғағын ұшар биіктен жинаған бала туралы. Құз қияға өрмелеуден кем емес көзсіз ерлік керек.

Қылқанды бұтақтары қарқарадай,

Қасқайып қабақта тұр балқарағай.

Басында жаңғақ қағып бір бала отыр.

Төменге әлсін-әлсін қорқа қарай.

Топырлап түсіп жатыр жаңғақтары.

Бар шығар қорғасындай салмақтары.

Қарқ боп көзі тұнды сол баланың,

Құмарлық еш нәрсені аңдатпады.

Жаңғақты болар көздің құрты деуге,

Мініп ап бір бұтақты сілкігенде.

Шарт етіп сынып кетті ілкі демде.

Салмақ па, әлде тағдыр ырқымен бе?

Ақын әулие, анық мерт болудан я сорлап мертігуден баланы жыр құдіретпен құтқарып қалады: «Зымырап жерге жете берген кезде, / Ілініп қалды бала бір бұтаққа!». Бұл 23 жасар Ұлықбектің биік гуманизмі. «Жаңғақ көздің құрты», «Жаңғақ қағу» оның қаншалық дәмді

қорек екенін танытады.

Ежелден жаңғақ символикасы күшті. Шығыста киелі жаңғақ ағашын тек асарын асап, жасарын жасаған көне адам егетін болған. Жаңғақ ағашын еккен түтіннен бір адам өледі деп жорыған.

Қазақша топонимдер аң-құс, өсімдік, тау-тас атын иеленген. Қарғалы, Аршалы, Құланды, Бұғылы, Бақалы, Жыланды, Жаңғақты. «Сол дәуірлерде Шымкент, Сайрам үстіне Жаныс орнығып, иелене бастаған соң, Сайрам су өзені Жаңғақты деген салаға (аққан) суды желеу етіп сайрамдықтар айтыса бастайды», – деп жазады Қазанғап Байболұлы, («Төле бидің тарихы»).

Көне түркілік дәстүрде қайыр сұраған байғұсты жарылқауға жаңғақ татиды. Махмұт Қашқари: «Тіленшіге мың жаңғақ, Бәріне қоса таянышқа бір асатаяқ». Нақыл сөз ишаралы, тұнық көркемдік.

Бауыржан Қарабековтың жырында сұлу келіншек қор болып, базарда жаңғақ сатып, әуіріммен күн көруге байланғаны расында тіленшіліктен сәл артық сияқтанып-ақ кетеді.

Күрсінтті күн,

Қайтейін зарлатты айың,

Желмен ұштың желпілдеп қаңбақтайын.

Қасиетің сатылып кетті бәлкім

Өзің сатқан келелеп жаңғақтайын.

Тамылжыған ән қосып таңдарыңа,

Асу іздеп кетіп ең арманыңа.

Күні бойы көр-жермен сауда жасап

Үмітіңді жалғадың жаңғағыңа.

Аталы сөзде: «Шындық жаңғақ сияқты, Сүйегі қатты, дәні тәтті». Жаңғақты сарынды Бауыржан Қарабеков жорта таңдамайды, тағдыр мардымсыздыққа душар қылған келіншектің рухы жасып, жаны құлазуын айтпай біліп, қораш сезінуі азаматты ашындырады. «Сұлу шоқпыт ішінде де сұлу» деп халық бекер айтпаған. Жаңғақ бұл өлеңде кесек метафора, өйткені оның силуэтi жер шарына, жер бетін мекендейтін адам баласына қоса ұқсайды. Өлеңде әу басынан-ақ жаңғақ қос кейіпкердің тілсіз ұғысқан тартылыс сезімін, жұмбақ сырын сіңіріп алғандай емес пе! Сезім көнере ме, өткен өмір елесі екі жанды буырқанған дауылдай бір қозғап өтсе несі бар! Қайран жастыққа бекзат қимастығы мен әйел-анаға араша түсуі ақынды сұлулықтың айнымас елшісіне айналдырып жібереді. Ақын бір сұлу келіншектің жаңғақ сатуы арқылы өмір драмасын шебер бергені рас.

Қыз едің ғой бір кезде балаң өңді.

Көңіліңе білгенім алаң енді.

Сезіміңді қалайша жеткіземін

Жаңғақ сатқан келіншек, саған енді.

Ертеде халқымыз жаңғақты қастерлегенін қыздарына Өрік, Мейіз, Жаңғақ деген ат қойғанынан көрінеді. «Әріптің шешесі Жаңғақ – Көкше Қаратайдың қызы. Сондықтан Әріп Көкбайға жиен есепті болады. Әріп бала күнінен бастап, нағашы атасы Қаратай ауылына келіп-кетіп жүрген. Әріп Көкбайдан 3-4 жас-ақ үлкен», – деп жазады абайтанушы Қайым Мұхамедханұлы Абайдың ақын шәкірттері Әріп Тәңірбергенов пен Көкбай Жанатаев нағашылы-жиендігі туралы деректе.

Ай тумапты байқасам шалқасынан,

Сары майды айырып тортасынан.

Біздің жолдар қырлардан барады асып

Жаңғақ сынды жарылған ортасынан.

Қақ жарылған грек жаңғағы христиандық символ болып табылады. «Мария Ананы суреттеген натюрмортта жаңғақ бар. Қос полюсте жартышар тәрізді жігінен қақ жарылған жаңғақ тұспалын әулие Августин айтты. Сыртқы жасыл қабығы – Христың тәні, қабыршағы

– оның айқыш қреш ағашы, дәні – оның құдайшыл жаратылысы», («Өнердегі сюжеттер мен символдар сөздігінен»).

«Заместь ореха, да свиць» десе, сырты бүтін, іші қуыс мәнсіздікті айтады. «Когда зубов не стало, / Так и орехов принесли», – деп сатира патшасы И.А.Крылов «Белка» («Ақтиін») атты өлеңінде дер кезінде табылмай, артынан кешігіп жеткен игілікті мысқылдайды.

Орыс поэзиясында толған айды жаңғақ пішінінде көру бар: «Она всплывает, точно грецкий / Янтарно-розовый орех», (Георгий Иванов). А.С.Пушкин «Тьму прекрасных кораблей – барок, каторог и шлюпока их ореховых скорлупок...» деп, ертегілік сұлулықты артқыға өсиеттеді.

Қазақ әдебиетінің классигі Қадыр Мырза Әли «Жүз жұрттың жұмбағы» атты фольклорлық кітабында әлем халықтары жұмбақтары үлгісінен небір жаңғақ туралы деректерді тауып, көркем аударды.

«Сонымен жаңғақты әр түрлі ұлттар былайша ишаралайды: «Мезгілсіз піспейді, / Піспей түспейді. / Шыңнан құласа, / Шекесі іспейді» (әзербайжан), «Буркасын лақтырып, / Қарғыды батырың» (дарғын), «Ауық-ауық / Жұмыртқа жауып, / Жоғарыдан түспейді / Тапқан тауық» (испан), «Сырт киімдерін сол жақта тастап, / Софы бізге жоғарыдан түсті» (кашмир), «Бір ғажайып нәрсе көрдім / Тас сауыттың ішінен» (ұйғыр), «Титтей қазанның түбі тәтті» (қалмақ), «Құмырада ботқасы, / Ботқа оның тәтті асы. Құмыраны ашпасаң, / Бар әңгіме басқаша» (орыс). Мұнда жаңғақтың қабығының қаттылығы, сырт кескіні, дәні мен дәмі қаз-қатар көрініс тапқан». (Айгүл Кемелбаева. «Жұмбақтар жанрының ғылыми негізі мен әдеби үндестігі хақында», Қадыр Мырза Әлидің жұмбақтар әлемінен. Эссе. «Әлем әдебиеті» журналы; «Мәжнүн жүрек» атты кітабынан, «Алаш баспасы», 2013).

18 ғасырда қоғам алмаз қырлау тәсілін тапты. Сол дәуірдің ең үздік әшекейі деп Екатерина II патшайым басына киген тәжі танылған. Қақ жарылған жаңғақ түрінде жасалған тәж. Тәж үстінде селдір торлы жарма арасына ірі алмаздардан гүл алқа өрілген. Жарты шар шетінде 78 інжу орналасқан. Әр тасты күміс көмкерген. 400 карат лағыл тас жұқа шиыршықтар арқылы ұсақ алмаздармен көмкерілген. Білік символын жасау үшін 5000 тас пайдаланылған (Герман Токарев, «Бағалы тастар» атты кітап).

Жадтан кетпес жаңғақты жыр жазу шынайы ақындардың мәртебесін асыратынына сенемін. Ел мен жер, адам туралы тұңғыық жырлар.

